

ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

ҚМГ стратегиясы мен Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік кодексінде қызметкерлерді әлеуметтік қолдауға, қатысу өңірлерін дамытуға қатысуға, әлеуметтік әріптестік пен адами капиталды дамытуға, ҚМГ компаниялары тобының еңбек ұжымдарында әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге, персоналдың тартылу деңгейін арттыруға бағытталған әлеуметтік жауапкершілік мақсаттары көрсетілген.

ҚМГ компаниялары тобындағы әлеуметтік жауапкершілік мақсаттарына еңбек ұжымдарымен тең құқықты ұжымдық келіссөздер, жергілікті атқарушы органдармен, кәсіподақтармен тығыз өзара іс-қимыл жасау, ҚМГ компаниялары тобындағы жұмыс берушілер мен еңбек ұжымдары арасында ішкі коммуникациялар жүйесін құру арқылы қол жеткізіледі.

Компания Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамалық және нормативтік құқықтық талаптарды, сондай-ақ мұнай компанияларының қызметін реттейтін халықаралық заңдар мен шарттарды сақтайды, акционерлер, жұртшылық пен инвесторлар алдындағы экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсері үшін, ұзақ мерзімді кезеңде ұзақ мерзімді құнның өсуі және тұрақты дамуы үшін өзінің жауапкершілігін сезінеді. Компанияның барлық қызметкерлері қауіпсіз

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2017	2018	2019	2020
ҚМГ компаниялар тобының нақты саны (шоғырландыру)	Қызметкер	68 757	66 110	61 587	60 173
ҚМГ компаниялар тобының нақты саны (ЕТҰ және ББҰ 50 және одан астам %)	Қызметкер	83 360	79 441	74 956	73 066

және салауатты еңбек жағдайларына, олардың Компанияға қосқан үлесін мойындауға және тиісті бағалауға, олардың кәсіби дағдыларын дамытуға жәрдемдесуге, олардың жұмысының сапасы мен тиімділігін ашық және сындарлы талқылауға құқылы. Компания ұлттық, нәсілдік, діни белгілері, жасы, жынысы, саяси нанымдары немесе басқа белгілері бойынша кемсітуге жол бермейді.

ҚМГ меритократия, әділдік пен объективтілік қағидаттарын қолдайды, әрбір қызметкерге жаңа жетістіктер үшін оңтайлы жағдайлар жасайды және ҚМГ қызметіне әркімнің үлесін әділ бағалайды, қызметкерлердің барлық деңгейлерде түсіністік, қызығушылық және қолдау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

2020 жылы ҚМГ-нің орнықты даму саласындағы қызметін Sustainability рейтингтік агенттігі алғаш рет халықаралық деңгейде бағалады. Рейтингтің әлеуметтік құрамдас бөлігі 70 балға бағаланды, бұл компанияның әлеуметтік жауапкершілік саласындағы айтарлықтай жоғары көрсеткіштерін көрсетеді (әлемдегі сала бойынша 119 компанияның ішінде 36-шы позициясы).

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ

ҚМГ компаниялар тобы (шоғырландыру) жұмыс істейтін өңірлерде 60 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді. 2020 жылдың соңына қарай қызметкерлердің нақты саны ҚМГ компаниялар тобы бойынша 60 173 құрады, оның ішінде штаттық қызметкерлер – 57 073 адам, аутстаффинг – 3 100 адам.



Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020
ерлер	%	81	82	81
әйелдер	%	19	18	19
Өндірістік персонал	%	91	91	92
Әкімшілік-басқарушылық персонал	%	9	9	8
31 жастан 50 жасқа дейінгі қызметкерлер, оның ішінде:	%	61	58	60
◆ ерлер	%	81	80	80
◆ әйелдер	%	19	20	20
50 жастан асқан қызметкерлер, оның ішінде:	%	24	27	28
◆ ерлер	%	82	82	82
◆ әйелдер	%	18	18	18
30 жасқа дейінгі қызметкерлер, оның ішінде:	%	15	14	12
◆ ерлер	%	83	85	83
◆ әйелдер	%	17	15	17
2020 жылы ашылған жұмыс орындары	Бірлік	926	385	961
Орта тізімдік саннан	%	1,3	0,6	1,6
Еңбек қатынастары тоқтатылған	қызметкерлер	8 281	4 512	3 513
Барлық деңгейдегі басшылық құрам, оның ішінде:	%	9	11	11
◆ ерлер	%	83	83,5	82
◆ әйелдер	%	17	16,5	18
ҚМГ компаниялар тобы бойынша тұрақтамау коэффициенті	%	11	7	6

Компания қызметінің бағыты ауыр, қауіпті және зиянды еңбек жағдайларымен байланысты екенін ескере отырып, ерлердің үлесі 81%-ті, әйелдердің үлесі – 19%-ті құрайды. Персоналдың жалпы санындағы өндірістік персоналдың үлесі 92%-ті, әкімшілік-басқарушылық персоналының үлесі 8%-ті құрайды.

Жас санаты бойынша жұмыскерлердің негізгі үлесі 31-ден 50 жасқа дейінгі топ – 60% көрсетілген, бұл ретте ерлердің үлесі 80%-ті, әйелдердің үлесі 20%-ті құрайды.

50 жастан асқан қызметкерлер саны персоналдың жалпы санының 28%-тін құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі – 82%, әйелдердің үлесі – 18%.

30 жасқа дейінгі жастардың үлесі персоналдың жалпы санының 12%-тін құрайды, бұл ретте ерлердің үлесі – 83%, әйелдердің үлесі – 17%.

2020 жылы ашылған жұмыс орындарының саны 961 бірлікті немесе орташа тізімдік санның 1,6%-тін құрайды. Есепті кезеңде еңбек қатынастары тоқтатылған қызметкерлер саны 3 513 адамды құрады.

Барлық деңгейдегі басшылық құрамға кіретін қызметкерлердің үлесі – қызметкерлердің жалпы санының 11%, оның ішінде әйелдер – 18% (2019 жылы – 16,5%), ерлер – 82% (2019 жылы – 83,5%).

ҚМГ компаниялар тобы бойынша 2020 жылы ағымдылық коэффициенті 6%-ті құрады (2019 жылы – 7%).

COVID-19 пандемиясына байланысты іс-шаралар

COVID-19 пандемиясымен және мұнай бағасының жаһандық құлдырауымен байланысты дағдарысқа қарсы шаралар шеңберінде ҚМГ корпоративтік орталығының жаңа ұйымдық құрылымы бекітілді:

- ◆ стратегиялық міндеттерді шешуге корпоративтік орталық күштерінің шоғырлануы;
- ◆ бизнес-процестерді айтарлықтай оңтайландыру, қайталанатын функцияларды алып тастау;
- ◆ орталық аппарат штатын 34%-ке оңтайландыру;
- ◆ басқарушы директорлар лауазымын қысқарту, департаменттер санын үш есе – 60-тан 20-ға дейін қысқарту;
- ◆ бонустардан, сыйлықтардан және қызметтік автомобильдерден бас тарту, топ-менеджерлердің жалақысын 30%-ке қысқарту.

Аталған іс-шаралар еңбекақы төлеу қорын шамамен 5 млрд теңге көлемінде үнемдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Өндірістік қызметкерлер қысқарған жоқ, олардың жалақысы өзгерген жоқ.

COVID-19 таралуына жол бермеу және өндірістік процестің үздіксіздігін қолдау мақсатында ҚМГ дағдарыстық жағдайларды басқару командасы мынадай негізгі қадамдарды көздейтін іс-қимыл алгоритмдерін әзірледі:

- ◆ Қызметкерлерді еңбек демалысына жіберу;
- ◆ қашықтықтан жұмыс істеуге көшу;
- ◆ ауысымдық персонал вахтасының ұзақтығын кемінде 28 күнге ұлғайту;
- ◆ еңбек демалысын беру немесе қашықтықтан жұмыс істеуді ұйымдастыру мүмкіндігі (өндірістік процестер) болмаған кезде тәуекел тобына кіретін персонал және өндірістік процеске қатыспайтын персонал айлық жалақының 70%-тін төлей отырып, бос тұрып қалуға жіберіледі (сәуір мен желтоқсан аралығындағы кезеңде амалсыз бос тұрып қалуға жіберілген қызметкерлерге төлемдер шамамен 9,5 млрд теңгені құрады);
- ◆ негізгі өндірістік объектілерде (ӨМГ, ҚазГӨЗ, АМӨЗ, ҚТО) вахталық жұмыс режиміне көшу.

Пандемияның бүкіл кезеңінде ҚМГ компаниялар тобы бойынша ЕТҰ қызметкерлері арасында коронавирустық инфекцияның алдын алуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға 4,4 млрд теңге жұмсалды.

Сондай-ақ пандемия кезінде ұлттық денсаулық сақтау жүйесі мен жергілікті атқарушы органдардың демеушілік көмегі аясында коронавирустық инфекциямен күресу үшін қажетті медициналық жабдықтар мен басқа да тауарларды сатып алуға 6,2 млрд теңге жұмсалды.